

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№11				
Күндері	08.11 - 12.11.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Жабайы табиғат әлемі/ Мир дикой природы/ World Wide Fund for Nature				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дуйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтау: жеңді тұру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Үй жануарлары" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.	Үстел үсті ойыны, мозаика "Жабайы аңдар". Мақсаты: олардың мекен ететін жерлері, қоректенуі, пайдасы жайында әңгімелесу.	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.	Санамақтар айтқызу. Қасқыр қақты қақпаны. - Ашындар, тез! - айтқаны. Сол-ақ екен лақтар- Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі - төсек астына, Бірі - пештің қасына, Бірі - сәкі астына, Бір - астына кереует, Бірі - тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде?	"Сипаттама бойынша аңды таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Күні бойы, күні бойы, Күні бойы, күні бойы, Біздің қыздар секірді, Оң аяқпен секірді, Сол аяқпен секірді, Алға қарай секірді, Артқа қарай секірді, Айналдыра секірді, Айналдыра секіргішті Биікке де секірді. Екі саусақпен кезек-кезек алға-артқа, солға-оңға "секіріп" үстел үстінде орындалатын жаттығу.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жууға, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты жаймай отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне дәмді ас тілеу; тамақтан соң алғыс айту.				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Нені жақсы көреді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру. Барысы: педагогтің үстелінде суреттер жатады: сәбіз, қырыққабат, таңқурай, бал, балық, жаңғақ, шырша бүршігі, саңырауқұлақ, ағаш қабығы, шөп, тауық, қоян, қозы және т.б. Балалар суреттерді сәйкес жануарға жапсырады.	"Сипаты бойынша тану" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды жануарларды сипаттама арқылы тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту. Барысы: Қорқақ, ұзын құлақ, сұр немесе ақ. (Қоян.) Қоңыр, қыста ұйқыға кетеді, епсіз. (Аю.) Сұр, ашулы, аш. (Қасқыр.) Қу, айлакер. (Түлкі.)	"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы: бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бөрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді: қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын) және т.б..	"Дауысынан таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жабайы жануарлардың дауыстары арқылы қай жануар екенін табу іскерліктерін жетілдіру. Барысы: педагог балаларға жабайы жануарлардың дауысын естіртеді. Балалар қай жануардың дауысы екенін табу керек.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар. Ең жақын адамдар, Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін!

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Көжек тақпағын жаттау". Мақсаты. Балаларға көжек туралы тақпақты жаттатуда, оның тіршілік ерекшеліктері туралы мағлұматтар беру; көжек туралы тақпақ жолдарын мәнерлеп айтуда ересектің сөздік нұсқауына еріп, қимылдармен сүйемелдеуге үйрету. <i>Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата".</i> Сурет салу "Қонжық". Мақсаты. Балаларды қонжықты қоңыр қарындашпен, көлемі екі түрлі дөңгелекті қарындашпен іргелес қосып, дене мүшелерін, қосалқы детальдармен толықтырып, салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы. "Қонжық".</i> Дене шынықтыру "Сұр көжек". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіруге үйрету. <i>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Қоңыр аю қорбаңбай". Мақсаты. Балалардың жаңа өнге деген қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; өннің сөздік мазмұнын жатқа айта білуге үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету. <i>"Қорқақ қоян" ойыны.</i> Математика негіздері "Қоян орманға барады". Мақсаты. Балаларды үшбұрыш, дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды байқауға үйрету; қағаз бетін бағдарлау, қабылдау, есте сақтау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <i>Үстел басындағы дамыту жаттығуы.</i> <i>"Пішіндерден сурет салайық" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Вариативті компонент <i>Дидактикалық ойындар</i>	Дене шынықтыру "Қоян секілді секірейік". Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру. <i>"Межелі орын" қимылды ойыны.</i>	Құрастыру "Орманда кірпі жүр". Мақсаты. Балаларды құрастыруға икемді қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру; дөңгелек пішінді қағаз бетін, екі шеттен алып, тең екі жарты шеңберге бүктемелеуге үйрету. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> Музыка "Қорқақ қоян". Мақсаты. Балалардың жаңа өнге деген қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; өннің сөздік мазмұнын жатқа айта білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. <i>"Қорқақ қоян" ойыны.</i> Қоршаған ортамен танысу "Жабайы жануарлар". Мақсаты. Балаларға жабайы жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың күшіктерімен таныстыру; жабайы жануарлардың күшіктерін бір-бірінен ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. <i>Дидактикалық ойын: "Жабайы жануарлардың төлдерін ата".</i>	Жаратылыстану "Қоян". Мақсаты. Балалардың қоянның ерекшеліктері арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; қоянның дене мүшелерін атауда көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін және зейіні мен қоянға тәжірибе жұмыстарын жасауға, басқа аңдармен салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. <i>"Қоянға сөбіз сыйлайық" шығармашылық рефлексия.</i> Дене шынықтыру "Еркін жүгіреміз". Мақсаты. Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. <i>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.</i>
--	--	--	--	---	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Шыршаларды бақылау. Мақсаты: балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оның көмегімен оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бос орын". Мақсаты: шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет". Мақсаты: шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.	Сауысқанды бақылау. Мақсаты: табиғат әлемі туралы білімдерін толықтыру, жаңадан алынған білімді жүйелеу және бұрын алған білімді бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинауға көмектесу). Мақсаты: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершіндер мен торғайлар". Мақсаты: жүгіругенде, жаяу жүргенде, басын алға еңкейту іскерліктерін жетілдіру; достық қарым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, екі аяғымен бір шеңберден екінші шеңберге секіру қабілетін бекіту.	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру; бақылауды дамыту, талдауға, қорытынды жасауға үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жемшашарды ілуге көмектесу). Мақсаты: құстарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқы", "Мысық пен тышқан". Мақсаты: шашыраңқы жүгіруге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрадстарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: алтын күздің түрлі кереметтерін тануға деген ынталарын ояту, күзгі кереметтерді көрсету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Нысанаға дәл тигіз". Мақсаты: допты нысанаға лақтыруға үйрету, дәлдікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Түсін мені". Мақсаты: дене қимылдары арқылы бейнені құрастыруға үйрету.	Қарғаны бақылау. Мақсаты: қарға туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне деген қызығушылықтарын арттыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсаты: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топпен жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпандар", "Лақтыру - ұстау". Мақсаты: педагог ұйымдастырған ойында балалардың өздері ойнауы. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: аяқтың ұшымен жүру. Мақсаты: қол мен аяқтың үйлесімді қимылымен жүру қабілетін бекіту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				
Үйге қайту	жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Тексерген:Бекишева М.А